

Жер сілкіну болжамдарын жетілдіру жөніндегі бірінші кезекті шараларды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 19 шілдедегі N 350

Қазақстан Республикасының оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында сейсмикалық жағдайдың шұғыл асқынуына байланысты және "Алматы қаласында, Алматы және Талдықорған облыстарында болуы мүмкін жер сілкіністерінің залалын азайту және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 P941490 _ қаулысымен көзделген сейсмологиялық байқау жүйелері мен жер сілкіну болжамдарын жетілдіру жөніндегі бірінші кезекті шараларды жүзеге асыру мақсатында :

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Қазселденқорғау" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жұмыс істеп тұрған болжамдық байқау пункттерін қайта жабдықтау мен байланыс жүйелерін дамыту үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан 9,0 (тоғыз) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлінген қаражатты игерудің тиісті бағдарламасын бекітсін және оның орындалуын қатаң бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті бөлінген қаражаттың орынды жұмсалыуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары